

Д.Е. Несипкалиев<sup>1\*</sup>, Х. Тюфекчиоглу<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Ариэль университеті, Түркия, Бстанбұл қ.

\*e-mail: n.dauren89@mail.ru

## СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ ҰСТАНЫМДАРЫН ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Мақалада елішілік және әлемдік өзгерістер аясында жастардың саяси ұстанымдары мен белсенділіктің негізгі компоненттері талданады. Жаңа құндылықтар жүйесінің пайда болуы мен бұрынғылардың маңыздылығының төмендеуі және әлеуметтік ұтқырлықтың артуы жастардың өмірлік және саяси ұстанымдарына елеулі әсер етуде. Мақаланың мақсаты жастардың саяси қатысу мен белсенділігін анықтайтын факторларды, олардың саяси көзқарастары мен ұстанымдары, саясат туралы негізгі ақпарат көздерін талдау. Мақалада аталмыш тақырып аясында 2021 жылы автормен жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу қорытындылары ұсынылады. Эмпирикалық ақпаратты жинау үшін сауалнама әдісі қолданылды. Іріктеу жиынтығы 439 жас адамнан тұрады. Зерттеу нәтижелері бойынша, жастардың саяси позициялары әлі де қалыптасу үрдісінде, яғни саяси ұстанымдардың шекаралары айқын емес. Саяси құндылықтар мен ұстанымдар жүйесінде жастардың әлеуметтік-демографиялық немесе экономикалық мәртебесі бойынша статистикалық маңызды айырмашылықтар анықталмады. Саяси немесе идеологиялық позициялардың қалыптасуына елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдаймен қатар, қоғамда қалыптасқан мәдени стереотиптер ықпал етеді. Мақалада ұсынылған мәлімет пен зерттеу нәтижелері жастар мәселесін шешуде, әр түрлі саяси іс-шаралар мен жастардың саяси ұйымдары мен қозғалыстарын реттеу мен ұйымдастыруда қолданыс таба алады.

**Түйін сөзгер:** саяси ұстанымдар, студент жастар, жастар саясаты, саяси белсенділік, саясат туралы ақпарат көздері, саяси мәдениет, саяси қызығушылық.

D.E. Nessipkaliyev<sup>1\*</sup>, Hayati Tufekcioglu<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup> Istanbul Arel University, Turkey, Istanbul

\*e-mail: n.dauren89@mail.ru

## Sociological analysis of political attitudes of student youth

The article analyzes the main structural components of political attitudes and activity of young people in the national and worldwide changes. The development of modern attitudes and values and the decline in the significance of former values in the context of increased social mobility contributed to a significant transformation of life, including socio-political attitudes of youth. The aim of the article is to examine factors of youth political involvement and activity, their political attitudes and values, main sources about political events in youth environment. The article presents the results of a sociological study conducted by the author in 2021. To gather empirical data questioning method was used. The sample size is 439 participants. According to the results political positions of young people are in the process of formation and transformation, that is, the boundaries of political attitudes are not clear. No statistically significant differences were found in the structure of political values and attitudes of young people in terms of socio-demographic criteria or economic status. The development of the political or ideological positions of young people is influenced by the socio-economic well-being of the country and the cultural stereotypes of society. The data and results of the sociological research presented in the article can be applied in solving urgent problems of youth, in organizing various political events and campaigns, in regulating the political movements of youth.

**Key words:** political attitudes, student youth, youth policy, political activity, sources of political information, political culture, political involvement.

Д.Е. Несипкалиев<sup>1\*</sup>, Х. Тюфекчиоглу<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Университет Ариэль, Турция, г. Стамбул

\*e-mail: n.dauren89@mail.ru

## Социологический анализ политических установок студенческой молодежи

В статье анализируются основные структурные компоненты политических установок и активности молодежи в контексте национальных и мировых тенденций. Развитие современных

установок и ценностей и снижение значимости прежних ценностей в условиях расширения социальной мобильности способствовали значительному преобразованию жизненных, в том числе и социально-политических установок современной молодежи. Целью статьи является изучение факторов политической включенности и активности молодежи, их политические установки и ценности, основные источники о политических событиях страны в молодежной среде. В статье представлены основные результаты социологического исследования, проведенного автором по изучаемой теме в 2021 году. Для сбора эмпирических данных был применен метод анкетирования. Объем выборки составляет 439 респондентов. Согласно полученным результатам политические позиции молодежи в процессе формирования и трансформации, то есть границы политических установок не четкие. В структуре политических ценностей и установок молодежи по социально-демографическим критериям или экономическому статусу статистически значимые различия выявлены не были. На развитие политических или идеологических позиций молодежи оказывают влияние социально-экономическое благосостояние страны и культурные стереотипы общества. Данные и результаты социологического исследования, представленные в статье, могут быть применимы в решении актуальных проблем молодежи, в организации различных политических мероприятий и компаний, в регулировании политических движений молодежи.

**Ключевые слова:** политические установки, студенческая молодежь, молодежная политика, политическая активность, источники политической информации, политическая культура, политическая включенность.

## Кіріспе

Экономика, саясат, білім беру мен мәдениет саласындағы институционалдық өзгерістер қазіргі жастардың өмір кеңістігінің өзгеруіне елеулі әсер еткен алғышарттардың бірі болып табылады. Негізінен, қоғамдағы барлық өзгерістер мен реформалар жастар ортасында ерекше көрініс табады. Қалыптасқан әлеуметтік және мәдени шарттарда жастарға тән қасиеттер мен менталдылық сипаттамалары құндылықтық-нормативтік қатынаста өзгеруде. Соңғы он жылдықта жүргізілген көптеген реформалар жастар ортасында саясат рөлінің өзгеруіне әкелді. Эксперттік ортада саясаттың жастар өмірі мен құндылықтар иерархиясында алатын орны туралы қарама-қайшы пікірлер кездеседі. Қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени жағдай кеңестік кезеңде қалыптасқан дәстүрлердің, дүниетанымдық және рухани құндылықтардың жаңаруымен және қоғамдық өзгерістермен ерекшеленеді. Қазақстандағы саясат жастардың өз пікірлерін айтуға және өзіндік идентификациясын қалыптастыруға бағытталмен, оның толық қарқында жүзеге асырылуы бірқатар пікір-таластар туғызады. Туелсіздік жылында саяси жастар ұйымдар саны едәуір артты. Мәселен, ЖҚ «Қахар», ЖҚ «Айбат», «Жастар ассамблеясы», «Жарасым» және көптеген басқалары, дегенмен олардың жұмыс белсенділіктері салыстырмалы жоғары емес.

Қазіргі кезде Қазақстан қоғамы елішілік және әлемдік факторлар аясында үлкен

өзгерістерге ұшырап жатыр. Бір жағынан бұл факторлар еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайына әсер етеді. Екінші жағынан осы өзгерістер аясында жастардың да саяси ұстанымдары мен белсендіктері түрленуде. Жаңа құндылықтар жүйесінің пайда болуы мен бұрынғылардың маңыздылығының төмендеуі және әлеуметтік ұтқырлықтың артуы жастардың өмірлік және саяси ұстанымдарына елеулі әсер етуде.

Аталмыш тақырыптағы ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерге талдау жасау жастардың саяси ұстанымдары мен белсендігі туралы қарама-қайшы пікірлерді көруге болады. Бір жағынан, бірқатар зерттеу қорытындыларына сүйенсек, жастардың ұлттық сайлауда дауыс беруі, саяси партияларда жастар мүшелігінің төмендеуі және жалпы алғанда төмен саяси қызығушылық деңгейін айқындауға болады. Екінші жағынан, басқа бірқатар парадигмалар жастардың саяси белсенділігі туралы оптимистік көзқарасты сипаттайды.

Екі көзқарас та жастардың саясаттағы рөлі туралы сұрақтарды тудырады және осы тақырыпты зерттеу өзектілігін арттырады. Бұл тақырыптағы зерттеулер түсініксіз болып көрінуі мүмкін, бірақ жалпы алғанда жастардың саяси қатысу дәрежесін бейнелейтін нақты жан-жақты зерттеулер жеткіліксіздігі байқалады. Осы мақалада қазіргі студент жастардың саяси ұстанымдары мен саяси белсенділігін зерттеу нәтижесінде алынған маңызды қорытындылар ұсынылады. Мақала аясында бірқатар зерттеу

сұрақтары көтеріледі. Олар: Саяси қатысу мен белсенділікті не анықтайды? Жастардың саяси көзқарастары қалай қалыптасады? Студент жастардың саяси ұстанымдары қалай ерекшеленеді? Жастардың көңіл-күйі мен әл-ауқатына саяси жағдайдың ықпалы қанда? Жастардың саясат туралы ақпарат көздері қандай? Ой мен саяси көзқарастар еркіндігі жастар үшін қаншалықты маңызды?

### Әдебиеттерді шолу

Жастарды зерттеу 1960-шы мен 1970-ші жылдары кең етек жаяды, осы кезең жастарды қоғамдық өмірдің жалпы тенденциясынан ерекшелендіретін субмәдениет пен жастар қозғалысы секілді бірқатар әлеуметтік құбылыстардың пайда болуымен сипатталады. Жастарды зерттеу белгілі бір деңгейде оның қоғамдағы алатын орны мен оны тәуелсіз әлеуметтік топ ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін индикаторлар туралы мәселелермен байланысты. Жастар кең мағынада «жас көрсеткіші негізінде құрылатын және жастық шақпен байланысты негізгі іс-әрекет түрлерімен байланысты болатын кең ауқымды қауымдастықтар тобын құрайды» (Боровских, 2012: 267).

70-ші жж. аяғы мен 80-ші жж. басында батыстық жастар әлеуметтануы жастардың қарсылық көрсету мәселесінен әлеуметтік-кәсіби мәселеге бағдарлана бастады. Батыс әлеуметтанушылардың пікірі бойынша, жастар еңбек нарығы мен жастар жұмысбастылығының төмендеуі технологиялық революциямен байланысты және бұл сәйкесінше, кәсіби даярлау жүйесін қайта құруды талап етеді. Сол жылдары Ұлыбританияда әлеуметтанушылардың ұсынысымен жастарды еңбек нарығына кіруге дайындауға бағытталған мектептен кейінгі қосымша оқыту курстарын қамтитын бағдарлама құрылды (Омельченко, 2006).

Саяси көңіл-күй мен ұстанымдар жастар психологиясының динамикалық элементі және оның саясатқа араласу дәрежесін, елдегі саяси ахуалға, билік пен құндылықтарға бейімделу мен қабылдау деңгейін сипаттайды. Ғылымға «саяси мәдениет» терминінің енгізілуі J.G. Herder (Herder, 2017) және G. Almond (Almond, 1956) есімдерімен байланысты, олардың мақаласы саяси мәдениетті зерттеудің бастамасы болып саналады. E.J. James саяси білім беру мен тәрбие категориялары арасында өзара байланысты талдайды (James, 2010). Саяси мәдениет туралы

П.Б. Струвенің негізгі тұжырымына сүйенсек, саяси мәдениет рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі және саяси ересектік пен жауапкершілікке негізделеді (Струве, 1911). Wolfinger және Rosenstone пікірлері бойынша, адамның білім деңгейі жоғарылаған сайын оның саясатқа деген қызығушылық деңгейі де артады, яғни елдегі саяси ахуалға көңіл бөледі, саяси жаңалықтардан хабардар болып отырады және азаматтық борышты көрсетуге ұмтылады (Wolfinger, 1980). Жастардың саяси ұстанымдары мен білім беру дәрежесі арасындағы өзарабайланыс мәселесін зерттеудің тереңтамырлары бар және саяси мінез-құлықты зерттеуден бастау алады (Woodward, 1950). Аталмыш тұжырымға қатысты ғылымда бірқатар пікірлер қалыптасқан. Мәселен, P. E. Converse бойынша, білім беру барысында саяси мәселелерді түсінуге қажетті базалық білім, мотивация және дағдылар қалыптасады (Converse, 1988). R. J. Timprone пікіріне сүйенсек, білім беру үдерісі кезінде саясатты түсінуге қажетті жеке қарым-қатынас пен әлеуметтік байланыстар дамиды (Timprone, 1998). Алайда, саяси үрдістер туралы ақпаратты іздеу мен түсіну концептуалды және абстрактылы екенін ескеру маңызды (Human, 1975).

Саяси көңіл-күй мен ұстанымдарды әлеуметтанулық тұрғыдан талдау көптеген жастардың белгілі бір уақытта қысқа немесе ұзақ мерзімді преспективада когнитивті жауап беру реакцияларын анықтауға бағытталады. Бұл реакциялар саяси ахуалмен және әлеуметтік-саяси жағдаймен қанағаттану/қанағаттанбау, жағымды сезіну/жағымсыз сезіну, қабылдау/қабылдамау сезімдерімен байланысты. Аталмыш реакциялар екі фактор арасында үлкен айырмашылықтар орын алған жағдайда ерекше көрінеді:

Біріншісі – жастардың жалпы және әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктері мен мүдделерімен байланысты күтілімдері;

Екіншісі – шынайылықтағы жастардың өмір сүру шарттары.

Д. Ольшанскийге сәйкес күтілім мен шынайылық арасында елеулі айырмашылықтардың болуы саяси күштерге деген жек көрушіліктен бастап масаттануға дейін әр түрлі формада көрініс табады (Ольшанский, 2011).

1. Соңғы онжылдықта жастардың саяси қатысушылығын зерттеу өзекті тақырыптар қатарында. Жастар мен саясат мәселесін зерттеу көпхандік сипатқа ие. Саяси белсенділік петицияға қол қою, партияға қосылу немесе

дауыс беру секілді іс-әрекеттерді қамтиды. Бірақ саяси белсенділік әр түрлі қырда қарастырылған. Алғашқы түсіндірмені 1973 жылы Robert Dahl ұсынған. Өзінің «Полиархия: қатысу және оппозиция» еңбегінде ол саяси қатысушылықты азаматтарға өз үкіметін жауапкершілікке тартуға мүмкіндік беретін қазіргі демократияның маңызды бөлігі ретінде анықтады (Dahl, 1973). Дегенмен, Robert Dahl саяси қатысу тұжырымдамасын нақты анықтамады. Оның анықтамасы аясында тек белгілі саяси қатысушылықты сипаттайтын әрекеттер тізімі ұсынылған. Бұл әрекеттерге тұтынушылық немесе жай ғана «үнатушылық» жатпайды (Stolle et al., 2005). García-Albacete (2014) бойынша азаматтардың саяси қатысу сипаты өзгеріп отырады. Ол саяси қатысушылықтың институттандырылған және институционалды емес формаларының арасындағы айырмашылықты анықтайды. Біріншіден, институционалды формада саяси іс-шараларға азаматтардың қатысуын ресми агенттіктер немесе құрылымдар әлеуметтік қозғалыстар мен ақпараттық-насихаттық желілердің тарату арқылы ұйымдастырады. Екіншіден, саяси және азаматтық байланыстар әлсірегенде саяси қатысудың институционалды емес жеке үлгілері қалыптасады (García-Albacete, 2014).

2. Институционалдық формаға дауыс беру немесе партияға мүшелікке кіру жатса, институционалдық шеңберден тыс саяси әрекеттерге наразылық немесе көтеріліс жатады. Институционалдық емес саяси белсенділіктің негізгі қатысушылары көп жағдайда жастар екенін атап өту қажет. Саяси қатысудың жаңа формаларының қалыптасуы үздіксіз процесс. Қазіргі кезде кеңінен таралған қатысу түрі – онлайн қатысу (Dayican, 2014). Интернеттің дамуы жастарға өз саяси ұстанымдары мен көзқарастарын әлеуметтік желілер парақшаларында білдіруіне мүмкіндік берді.

3. Жастардың саяси қатысуы аясында олардың саяси ұстанымдары талданады. Саяси ұстанымдарды отбасы аясында зерттеу бірқатар қызықты нәтижелер алуға мүмкіндік берген. Мәселен, Nieuwbeerta and Wittebrood (1995) партиялық қалаулардың қалыптасуында әке ықпалының басымдығын зерттеген. Зерттеу қорытындысы бойынша саяси ұстанымдардың қалыптасуының гендерлік айырмашылықтары айқындалды. Голландия қоғамы аясында жүргі-

зілген зерттеу, қыз балалардың саяси ұстанымдарының қалыптасуына ананың, ал ұл балалардың саяси ұстанымдарының қалыптасуында әкенің ықпалы елеулі екенін көрсетті (Nieuwbeerta and Wittebrood, 1995). Қыз балалардың саяси ұстанымдарының қалыптасуында ана рөлінің басымдығы 15 жылдан кейін Канада қоғамы контекстінде жүргізілген зерттеу қорытындылары бойынша да расталды (Gidengil et al., 2010). Қазіргі қоғамда отбасы сипатының елеулі өзгеруі және уақыт өте келе үй шаруашылығын ұйымдастырудың әртүрлі формаларының қалыптасуы, және үйде отыру мен жалғызбасты ата-ана санының өсуі саяси ұстанымдардың индивидуализациялануына және біртектілігіне әкелуі мүмкін екендігін ескеру маңызды (Inglehart and Welzel, 2005).

### Зерттеу әдістемесі

Мақаланың мақсаты – қазақстандық жастардың саяси ұстанымдары мен саяси әлеуметтенуін өлшеу үшін әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында кешенді ғылыми аппаратты құру және оны қолдану. Мақала аясында жастардың саяси құндылықтары мен әлеуметтенуін сипаттайтын көрсеткіштерді айқындау және талдау болып табылады. Осы мақсатқа сүйене отырып, жастардың саяси санасын, саяси белсенділік дәрежесін, елдегі саяси ахуалға жастардың қатынасын, саяси-қоғамдық ақпараттың негізгі дереккөздерін анықтау секілді міндеттер анықталды.

Осылайша, жастардың саяси әлеуметтенуі мен ұстанымдарын зерттеу мақсатында автормен бірқатар зерттеулер жүргізілді. Атап айтқанда, жаппай сауалнама, эксперттік сұхбат пен фокус-топтар. Аталмыш мақалада 2021 жылы ақпан мен наурыз айлары аралығынды жүргізілген сауалнама қорытындылары ұсынылады. Сауалнамаға Алматы қаласы университеттерінің студенттері қатысты. Іріктеу жиынтығы 439 жас адамнан тұрады. Жас құрылымы: 15-17 жас – 60 (13,7%), 18-20 жас – 330 (75,2%), 21-23 жас – 37 (8,4%), 24-26 жас – 12 (2,7%). Сауалнама 11 сұрақтан тұрады және сұрау Survio бағдарламасы арқылы жүргізілді. Сауал барысында жастардың саяси жаналықтардан хабардар болу деңгейін, саяси белсенділігін, саяси ақпарат алу көздерін және т.б. зерттеуге бағытталған сұрақтар қойылды.

## Нәтижелер мен талдау

*Жастардың көңіл-күйі мен әл-ауқатына саяси жағдайдың ықпалы.* Жастардың көңіл-күйін айқындайтын факторлар иерархиясын құру және онда саясаттың алатын орнын анықтау мақсатында зерттеу барысында жастарға «Сіздің әлеуметтік көңіл-күйіңіз бен әл-ауқатыңыз қандай факторларға тәуелді?» – деген сауал қойылды. Алынған жауаптарды талдау қазіргі жастардың басым бөлігі жауапкершілікті

өздеріне алатынын көрсетті. Әлеуметтік көңіл-күйі мен әл-ауқаты жеке өзіңе, мақсатқа бағытталушылық пен белсенділігіне байланысты деген позицияны жас респонденттердің 59%-ы ұстанады, өмір сүру мен жеке өзіміздің оны жақсартуға күш салуымыз позициясын – 49%. Алайда, респонденттердің үштен бірі үшін (32%) елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай олардың көңіл-күйі мен әл-ауқатына әсер ететін маңызды фактор. Толық жауаптар 1-кестеде берілген.

**1-кесте** – «Сіздің әлеуметтік көңіл-күйіңіз бен әл-ауқатыңыз қандай факторларға тәуелді?» деген сұраққа жас респонденттердің жүйеленген жауаптары\*

№	Факторлар	Жауаптар
1	Елдегі саяси ахуал/жағдай	18%
2	Қоғамдағы жалпы жағдай, өмір сүру шарттары	23%
3	Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай	32%
4	Өмір сүру шарттары мен жеке өзіміздің оны жақсартуға күш салуымыз	49%
5	Жеке өзімізге, өзіміздің мақсатқа бағытталуымыз бен белсендігіміз	59%

\*Ескертпе. Респонденттерге бірнеше жауап нұсқасын таңдау мүмкіндігі берілгендіктен, жалпы жауап 100%-дан асады

Жастардың көңіл-күйі мен әл-ауқатына саяси жағдайдың ықпалы бойынша статистикалық маңызды байланыстар келесі әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер бойынша анықталды:

Жыныс бойынша: елдегі саяси ахуал/жағдайдың көңіл-күйі мен әл-ауқатқа ықпалы әйелдерге қарағанда ерлер үшін жоғарылау, елдегі саяси ахуал әйелдердің 15%-ының көңіл-күйіне әсер етсе, ер азаматтарда бұл көрсеткіш – 28%. Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың да әйелдерге қарағанда жас ер азаматтардың әл-ауқатына жоғарылау дәрежеде ықпал етеді, әйелдер категориясында бұл позиция бойынша 30%, ерлерде – 38%. Жеке өзінің мақсатқа бағытталушылығы мен белсенділігін әлеуметтік көңіл-күйі мен әл-ауқатының негізгі факторы ақындау салыстырмалы тұрғыда әйелдер арасында жоғарылау -60%, ер азаматтарда бұл көрсеткіш – 52%.

Тұрғылықты жері бойынша: қалалық жас тұрғындардың басым бөлігі (61%) өз көңіл-күйі мен әл-ауқатын жеке өзімен, өзінің мақсатқа бағытталуы мен белсенділігімен баланыстырады. Алматыға шетелден оқуға келген сту-

денттерде бұл көрсеткіш біршама төмен – 43% және осы категорияда өзіндік көңіл-күй мен әл-ауқатқа елдегі саяси ахуал/жағдайдың ықпалы қалалық немесе ауылдық студенттермен салыстырғанда жоғары – 36%. Алайда елдегі әлеуметтік-экономикалық жағда қалалық жастар үшін маңызды – 35%, ауылдық жастар үшін – 29%, шетелдік студенттер үшін – 14%.

Оқитын мамандығы бойынша: жалпы барлық мамандық топтамасында өзіне жауапкершілік алатын жастар басым: гуманитарлық мамандықтар – 57%, қолданбалы мамандықтар – 57%, жаратылыстану мамандықтары – 63%, нақты мамандықтар – 65%. Бірақ, елдегі саяси ахуал/жағдайдың көңіл-күйге ықпалы нақты (30%) және қолданбалы (28%) мамандықтарда оқитын студенттер үшін маңыздылығы жоғарылау болса, гуманитарлық және жаратылыстану мамандықтарында оқитын студенттер үшін бұл фактордың ықпалы екі есе төмен, сәйкесінше 14% және 13%. Жастардың көңіл-күйі мен әл-ауқатына саяси жағдайдың ықпалы бойынша жыныс, тұрғылықты жері және оқитын мамандығы бойынша жүйеленген жауаптар 2-кесте ұсынылған.

**2-кесте** – «Сіздің әлеуметтік көңіл-күйіңіз бен әл-ауқатыңыз қандай факторларға тәуелді?» деген сұраққа жас респонденттердің жыныс, тұрғылықты жері және мамандықтары бойынша жүйеленген жауаптары

№	Факторлар	Жыныс		Ауыл/қала			Мамандық			
		әйел	ер	қала	ауыл	шетелдік	Гумани-тарлық	Қолдан-балы	Жаратылы-стану	Нақты
1	Елдегі саяси ахуал/ жағдай	15%	28%	20%	15%	36%	14%	28%	13%	30%
2	Қоғамдағы жалпы жағдай, өмір сүру шарттары	24%	20%	24,4%	22%	21%	25%	19%	22%	26%
3	Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай	30%	38%	35%	29%	14%	27%	46%	26%	37%
4	Өмір сүру шарттары мен жеке өзіміздің оны жақсартуға күш салуымыз	48%	50%	48,5%	49%	50%	47%	56%	50%	35%
5	Жеке өзімізге, өзіміздің мақсатқа бағытталуымыз бен белсендігіміз	60%	52%	61%	56%	43%	57%	57%	63%	65%

*Саяси белсенділік пен қатысушылық.* Зерттеу нәтижелері жастардың саясатқа деген төмен қызығушылығын көрсетті. Қазақстан жастары бейсаясатты позицияны ұстануға бейім. Сауал нәтижелері бойынша жастардың тек 34% саясатқа қығушылықтарын білдіреді, қызықпайтындар немесе сирек қызығушылық білдіретіндер 66%. Егер жыныстық тұрғыда салыстырма-

лы талдау жүргізетін болсақ, қоғамдық-саяси жаңалықтармен хабардар болу жиілігінде аса маңызды айырмашылықтар байқалмайды. Бұл тұрғыда ер азаматтар әйелдерге қарағанда саяси жаңалықтармен танысуға 2-4% ғана артық ынтаны білдіреді. Статистикалық тұрғыда гендерлік айырмашылық байқалмайды. Респонденттердің жауаптары 3-кестеде ұсынылған.

**3-кесте** – «Қандай жиілікпен қоғамдық-саяси жаңалықтармен хабардар болып отырсыз?» деген сұраққа респонденттердің жалпы және жыныс бойынша жауаптары

Жауап нұсқалары	Іріктеу жиынтығы бойынша	Әйел	Ер
1- Өте сирек	18%	18%	17%
2- Сирек	31%	32%	27%
3- Сирек деп айтар едім	17%	17%	17%
4- Жиі деп айтар едім	13%	13%	13%
5- Жиі	15%	14%	18%
6- Тұрақты	7%	6%	8%

«Қандай жиілікпен қоғамдық-саяси жаңалықтармен хабардар болып отырсыз» деген сұраққа респонденттердің жауаптарын жас бойынша талдау жүргізу келесідей ақпаратты алуға мүмкіндік берді. Тұрғылықты жері бойынша жауаптарды талдау Алматы қаласнан шетелден көшіп келген жастардың қоғамдық-саяси жаңалықтардан хабардар болудың жоғары ын-

тасын көрсетеді – 43%. Ең төменгі көрсеткіш Алматы қаласында дүниеге келген және тұрып жатқан жастарға тән – 29%. Алматыға еліміздің басқа қаласынан немесе ауылдан көшіп келген студенттердің қоғамдық-саяси жаңалықтарды бақылау жиілігі бойынша көрсеткіштер шамалас, сәйкесінше 65% және 63%. Мәліметтер 4-кестеде берілген.

**4-кесте** – «Қандай жиілікпен қоғамдық-саяси жаңалықтардан хабардар болып отырсыз?» деген сұраққа респонденттердің жас бойынша жауаптары

№	Жауап нұсқалары	Сирек (әр түрлі деңгейдегі)	Жиі (әр түрлі деңгейдегі)
1	Алматыға басқа қаладан көшіп келдім	65%	35%
2	Алматыға ауылдық жерден көшіп келдім	63%	37%
3	Алматыға шетелден көшіп келдім	57%	43%
4	Алматы қаласында дүниеге келдім және тұрып жатырмын	71%	29%

Студент жастардың мамандықтары бойынша қоғамдық-саяси жаңалықтардан хабардар болу жиілігін талдау нәтижелері бойынша, нақты ғылымдар топтамасына кіретін мамандық студенттері саяси жағдайларды жиі бақылап отырады: салыстырмалы жиі – 16%, жиі – 16% және тұрақты – 7%. Ал жаратылыстану мамандықтары бойынша білім алып жатқан

жастар басқа мамандықтармен салыстырғанда саяси ахуал мен оқиғаларды бақылау жиілігі төмендеу: өте сирек – 16%, сирек – 42% және салыстырмалы сирек – 15%. «Қандай жиілікпен қоғамдық-саяси жаңалықтардан хабардар болып отырсыз?» деген сұраққа респонденттердің мамандықтары бойынша жүйеленген жауаптары 5-кестеде берілген.

**5-кесте** – «Қандай жиілікпен қоғамдық-саяси жаңалықтардан хабардар болып отырсыз?» деген сұраққа респонденттердің мамандықтары бойынша жүйеленген жауаптары

Жауап нұсқалары	Гуманитарлық ғылымдар	Қолданбалы ғылымдар	Жаратылыстану ғылымдары	Нақты ғылымдар
1- Өте сирек	19%	14%	16%	26%
2- Сирек	28%	31%	42%	23%
3- Сирек деп айтар едім	15%	25%	15%	12%
4- Жиі деп айтар едім	13%	13%	11%	16%
5- Жиі	16%	11%	15%	16%
6- Тұрақты	8%	7%	2%	7%

*Саясат туралы ақпарат көздері.* Зерттеу мәліметтері бойынша, көптеген жас адамдар қоғамдық-саяси ақпаратты әлеуметтік желілер мен интернет мәліметтерінен алады. Бұл елдегі саяси жағдайлар туралы респонденттердің 82%-ының негізгі ақпарат көзі. Баспа БАҚ пен ра-

дио зерттеуге қатысқан жас адамдар арасында сұранысқа ие екінші ақпарат көзі – 14%. Ал таныстар мен туысқандар, оқытушылар мен группаластардан саяси жағдайлар мен жаңалықтарды алатын жас респонденттердің үлесі мүлде төмен – небәрі 1%. Мәліметтер 6-кестеде берілген.

**6-кесте** – Жастардың қоғамдық-саяси жағдайлар туралы ақпараттану көздері

№	Жауап нұсқалары	Жауаптар
1	Әлеуметтік желілер мен интернет (фейсбук, инстаграм)	82%
2	Бұқаралық ақпарат құралдары (теледидар, радио)	14%
3	Жақындар мен туысқандар	1%
4	Саяси жағдайлар қызықтырмайды	1%
5	Таныстар мен достар	1%
6	Университетте (оқытушылар мен группаластар)	1%

Жүргізілген талдау әр түрлі университетте білім алатын респонденттер арасында ақпарат көздерін таңдаудағы айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік берді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттері басқа оқу орындары білім алушыларымен салыстырғанда саяси жаңалықтарды негізінен әлеуметтік желілер мен интернет (фейсбук, инстаграм) көздерінен алады (88%), Абай атындағы Қазақ педагогикалық студенттері арасында бұл көрсеткіш 80%, ал С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті студенттері ортасында – 78%. Аталмыш жоғары оқу орындары студенттері арасында саяси ахуал мен жаңалықтар туралы мәліметтер алуда қолданылатын келесі ақпарат көзі – теледидар мен радио. Бұл ақпарат көзі

Абай атындағы ҚазПУ студенттері арасында салыстырмалы тұрғыда басқа оқу орындары студенттерімен салыстырғанда жиірек қолданылады – 17%, кейін С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ студенттерінде – 15%, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінде – 9%. Жақындар мен тусқындар, оқытушылар мен группаластар саяси тақырыптағы мәселелер туралы студенттер арасында ақпарат көзі ретінде кеңінен қолданылмайды. Тек С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ студенттерінің 3% таныстар мен достарды қоғамдық-саяси жағдайлар туралы ақпараттану көздері ретінде белгіледі, қалған оқу орындары студенттері арасында бұл көрсеткіш 1%-дан жоғары емес. Толық жауаптар 7-кестеде берілген.

**7-кесте** – Жастардың білім алатын жоғары оқу орындары бойынша қоғамдық-саяси жағдайлар туралы ақпараттану көздері

№	Ақпараттану көздері	Абай атынд. ҚазПУ	С.Д. Асфендияров атынд. ҚазҰМУ	Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ
1	Әлеуметтік желілер мен интернет (фейсбук, инстаграм)	80%	78%	88%
2	Бұқаралық ақпарат құралдары (теледидар, радио)	17%	15%	9%
3	Жақындар мен туысқандар	1%	2%	1%
4	Саяси жағдайлар қызықтырмайды	1%	1%	1%
5	Таныстар мен достар	1%	3%	0%
6	Университетте (оқытушылар мен группаластар)	1%	2%	1%

Зерттеу барысында жастарға қойылған келесі сұрақ жастардың адамның қандай құқықтарына баса назар аударатынын білуге бағытталған. Алынған мәліметтер бойынша маңызды құқықтардың алғашқы үштігін кұрайды: 1) өмір сүру құқығы мен жеке басқа қолсұқпаушылық – 66%, 2) білім алу құқығы – 65%, денсаулық сақтау мен медициналық қызмет алу құқығы – 64%. Осы үштікке «ой мен саяси көзқарастар еркіндігі» құқығын да жатқызуға болады. Бұл құқық тұры жас респонденттердің 60%-ы үшін маңызды. Маңыздылығы орташа деңгейдегі құқықтарға жа-

тады: қимыл-қозғалыс еркіндігі – 49%, заң мен сот алдындағы теңдік – 48%, туған тілде сөйлеу құқығы – 41% және сенім мен дінді таңдау еркіндігі – 40%. Жастар ортасында маңыздылығы орташадан төмен құқықтарға жатады: жекеменшік пен іскерлікпен айналысу құқығы – 39%, жеке өмірге араласудың кез келген формасынан еркін болу құқығы – 37%, елдің саяси өміріне қатысу құқығы және сайлау құқығы – 31%. Әлеуметтік қамсыздандыру мен зейнетақы алу және ақпарат алуға құқықтары сұралған жастар үшін бірдей деңгейде маңызды – 28%.

**8-кесте** – «Адамның қандай құқықтары Сіз үшін өте маңызды?» деген сұраққа респонденттердің жүйеленген жауаптары

№	Адам құқықтарының атауы	Жауаптар
1	2	3
1	Өмір сүру құқығы мен жеке басқа қолсұқпаушылық	66%
2	Білім алу құқығы	65%
3	Денсаулық сақтау мен медициналық қызмет алу құқығы	64%



1	2	3
4	Ой мен саяси көзқарастар еркіндігі	60%
5	Қимыл-қозғалыс еркіндігі	49%
6	Заң мен сот алдындағы теңдік	48%
7	Туған тілде сөйлеу құқығы	41%
8	Сенім мен дінді таңдау еркіндігі	40%
9	Жекеменшік пен іскерлікпен айналысу құқығы	39%
10	Жеке өмірге араласудың кез келген формасынан еркін болу құқығы	37%
11	Елдің саяси өміріне қатысу құқығы және сайлау құқығы	31%
12	Әлеуметтік қамсыздандыру мен зейнетақы алу құқығы	28%
13	Ақпарат алуға құқық	28%

## Қорытынды

Жалпы жастардың саяси позициялары әлі де қалыптасу үрдісінде. Саяси құндылықтар мен ұстанымдар жүйесінде жастардың әлеуметтік-демографиялық немесе экономикалық мәртебесі бойынша статистикалық маңызды айырмашылықтар анықталмады. Жастардың саяси профилі негізінен белгісіздік сипатта айқындалады, яғни саяси ұстанымдарының шекаралары айқын емес. Саяси немесе идеологиялық позициялардың қалыптасуына нақты әлеуметтік-экономикалық жағдаймен қатар, қалыптасқан мәдени стереотиптер ықпал етеді.

Жастардың көңіл-күйі мен әл-ауқатына ықпал ететін факторларды талдау жастардың басым бөлігі жауапкершілікті өздеріне алатынын көрсетті. Елдің саяси ахуалы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы жастардың аз бөлігінің көңіл-күйіне ықпал ететінін көрсетті. Мұндай ұстанымның жағымда да, жағымсыз жақтарын анықтауға болады. Жастардың өз әл-ауқатына жауапкершілікті өздеріне алуы олардың бәсекелестікке қабілеттіліктерін арттырады, еңбекке баулиды, енжарлық ұстанымды қалыптастыруға жол бермейді. Дегенмен, елдегі жағдаймен өз жағдайын баланыстырмаудың өзіндік негативті жақтары болашақта көрінуі мүмкін. Атап

айтқанда, мұндай ұстанымдағы жастар елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен саяси ахуалымен өз әл-ауқатын байланыстырмау арқылы, елдің бір бөлігі ретінде өздерін сәйкестендіру сипатын ақырындап жоғалта бастайды. Бұл болашақта сәйкесінше елмен байланыстың, елдің болашағы мен өз болашағын байланыстыруды әлсірету мүмкін.

Зерттеу мәліметтері бойынша, көптеген жас адамдар қоғамдық-саяси ақпаратты әлеуметтік желілер мен интернет мәліметтерінен алады. Сонымен қатар, сұрауға қатысқан жастардың оннан бірі БАҚ пен радиодан саяси ақпаратты бақылайды. Таныстар мен туысқандар, оқытушылар мен группаластар саяси ақпарат көзі ретінде сұралған жас адамдар арасында сұранысқа ие емес. Жастар үшін адамдардың келесідей құқықтары ең маңызды: өмір сүру құқығы мен жеке басқа қолсұқпаушылық, білім алу құқығы, денсаулық сақтау мен медициналық қызмет алу құқығы, ой мен саяси көзқарастар еркіндігі. Аталған құқықтар студент жастардың жартысынан көбі үшін құқықтар иерархиясы құрылымында алғашқы төрттікті құрайды. Әлеуметтік қамсыздандыру мен зейнетақы алу және ақпарат алу құқықтары сұралған жастардың арасында маңыздылығы төмендеу.

## Әдебиеттер

- Almond G. Comparative Political Systems // *Journal of Politics. Gainesville.* – 1956. – vol.18. – № 3. – P. 391-409.
- Боровских А.В., Розов Н.Х. Эволюция целей и ценностей образования // *Вестник Московского университета. Серия 20. Педагогическое образование.* – 2012. – № 2. – С. 3-17.
- Converse P. E. Perspectives on the democratic process // *Michigan Quarterly Review.* – 1988. – №27. – P.285-299.
- Dahl R. A. Polyarchy: Participation and Opposition. – New Haven, CT: Yale University Press, 1973. – 257 p.
- Dayican B. Online political activities as emerging forms of political participation: how do they fit in the conceptual map? // *Acta Politica.* – 2014. – №49 – P. 342–346. doi: 10.1057/ap.2014.7
- García-Albacete G. M. Young People's Political Participation in Western Europe: Continuity or Generational Change? Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2014. – 335 p. Doi: 10.1057/9781137341310
- Herder J.G. Ideen zur Philosophie der Geschichte der Menschheit. Hofenberg: German Edition, 2017. – 682 p.
- Hyman H.H., Wright C.R., Reed J.S. The enduring effects of education. – Chicago: University of Chicago Press, 1975. – 313 pp.

Inglehart R., Welzel C. *Modernization, Cultural Change, and Democracy: The Human Development Sequence*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2005, – 52 p.

James E.J. The Place of the Political and Social Science in Modern Education, and their Beaming on the Training for Citizenship in a Free State // *The Annals of the American Academy of Political and Social Science*. Kessinger Publishing, LLC. – 2010. – №10(3). – 40 p.

Nieuwbeerta P., and Wittebrood K. Intergenerational transmission of political-party preference in the Netherlands // *Social Science Research*. – 1995.- №24. – P.243–261. Doi: 10.1006/ssre.1995.1009

Ольшанский Д.В. Основы политической психологии. – Екатеринбург: Деловая книга, 2011, – 496 с.

Омельченко Е., Гончарова Н. Меняющаяся молодежь в меняющемся мире: невидимая повседневность. Сборник статей. – Ульяновск: Ульяновский гос. ун-т, 2006, – 240 с.

Струве П.Б. Политика, культура, религия, социализм. Сб. статей за пять лет: (1905-1910 гг.). – СПб: Изд-во Д.Е. Жуковского, 1911, – 287 с.

Stolle D., Hooghe M., Micheletti M. Politics in the supermarket: political consumerism as a form of political participation // *International Political Science Review*. – 2005. – №26. – P.245–269. Doi: 10.1177/0192512105053784

Timpone R. J. Ties that bind: Measurement, demographics and social connectedness // *Political Behavior*. – 1998. – № 20(1). – P. 53-77. <https://link.springer.com/article/10.1023/A:1024895116980>

Wolfinger R. E., Rosenstone S. J. *Who votes?* – New Haven: Yale University Press, 1980, – 160 p.

Woodward J.L., Roper E. Political activity of American citizens // *The American Political Science Review*. – 1950. – №44(4). – P.72-885.

### References

Almond G. (1956) Comparative Political Systems. *Journal of Politics*. Gainesville, vol.18, no 3, pp. 391-409

Borovskikh A.V., Rozov N.H. (2012) Evalucia tselei i tsennostei obrazovania [Evolution of goals and values of education]. *Bulletin of the Moscow University. Episode 20. Pedagogical education, no 2*. pp.3-17 (in Russian)

Converse P. E. (1988) Perspectives on the democratic process. *Michigan Quarterly Review*, no 27, pp. 285-299

Dahl R. A. (1973) *Polyarchy: Participation and Opposition*. New Haven, CT: Yale University Press, 257 pp.

Dayican B. (2014) Online political activities as emerging forms of political participation: how do they fit in the conceptual map? *Acta Politica*, no 49, pp. – 342–346. DOI: 10.1057/ap.2014.7

García-Albacete G.M. (2014) Young People's Political Participation in Western Europe: Continuity or Generational Change? *Basingstoke: Palgrave Macmillan*, 335p. doi: 10.1057/9781137341310

Herder J.G. (2017) Ideen zur Philosophie der Geschichte der Menschheit. *Hofenberg: German Edition*, 682 p.

Hyman H.H., Wright C.R., Reed J.S. (1975) The enduring effects of education. *Chicago: University of Chicago Press*, 313 pp.

Inglehart R., Welzel C. (2015) *Modernization, Cultural Change, and Democracy: The Human Development Sequence*. Cambridge: Cambridge University Press, 52 p.

James E.J. (2010) The Place of the Political and Social Science in Modern Education, and their Beaming on the Training for Citizenship in a Free State. *The Annals of the American Academy of Political and Social Science*. Kessinger Publishing, LLC, no10(3), – 40 p.

Nieuwbeerta P., Wittebrood K. (1995) Intergenerational transmission of political-party preference in the Netherlands. *Social Science Research*, no 24, pp. 243–261. DOI: 10.1006/ssre.1995.1009

Olshansky D.V. (2011) *Osnovy politicheskoi psihologii* [Fundamentals of political psychology]. Yekaterinburg: *Business Book*, 496 p. [In Russian]

Omelchenko E., Goncharova N. (2006) Menayuushchayasya molodej' v menyayuushchimsya mire [Changing youth in a changing world: invisible everyday life]. Collection of articles. Ulyanovsk: Ulyanovsk State University, 240 p. [In Russian]

Struve P.B. (1911) *Politika, kuyltura, religiya, sotsializm* [Politics, culture, religion, socialism]. Collection of articles for five years: (1905-1910). St. Petersburg: Publishing House of D.E. Zhukovsky, 287 p. [In Russian]

Stolle D., Hooghe M., Micheletti M. (2005) Politics in the supermarket: political consumerism as a form of political participation. *International Political Science Review*, no 26, pp. 245–269. DOI: 10.1177/0192512105053784

Timpone R. J. (1998) Ties that bind: Measurement, demographics and social connectedness. *Political Behavior*, no 20 (1), pp. 53-77. <https://link.springer.com/article/10.1023/A:1024895116980>

Wolfinger R. E., Rosenstone S. J. (1980) *Who votes?* New Haven: Yale University Press, 160 p.

Woodward J.L., Roper E. (1950) Political activity of American citizens. *The American Political Science Review*, no 44(4), pp. 872-885.